

Ыбырай Алтынсарин

БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ



Ыбырай Алтынсарин
БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=23127696

БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ:

Содержание

БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ	4
Конец ознакомительного фрагмента.	6

Ыбырай Алтынсарин

БАЙ МЕН

ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

Асан деген бай баласы, Үсен жарлы баласы – екеуі құрдас екен. Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты. Бір мезгілде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ, құр жұрты жатыр. Асан айқай салып, жылай бастады, Үсен ойланып тұрды да айтты:

– Жылағанмен еш нәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық.

Жұртта бір көзі сынған ине жатыр екен, оны алды және бір пышақтың сынығын, бір-екі уыстай қыл та-уып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жұртын айнала жүгіріп жүріп, көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүр-леуге түсіп жүре берді.

Біраз жер өткен соң сүрлеу екі айрылды. Мұны көріп Асан жылай бастады:

– Енді қайсысына түсеміз, – деп, Үсен қарап жүріп, біреуіне түсті:

– Мынау сүрлеу, бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен – малдың жас тезегі бар, – деді.

Біраз жер жүрген соң Асан қарным ашты деп жылады. Үсен үндемей келе жатса, екеуінің алдынан бір үйрек ұшып, ұзамай қасына қонды. Асанның онымен ісі болмай жүре берді. Үсен жүгіріп барып сипалап жүріп, үйректің орнынан алты жұмыртқа тапты. Асан қуанып жұмыртқаны алайын деп еді, Үсен алдырмай:

– Жолдан адасып көп күн жүрсек, бізге тамақ, керек болар, үйректі де ұстап алайық, – деді.

Асан айтты:

– Қалай ұстаймыз? Үсен:

– Мен әкемнің ұстағандарын көріп едім, – деп, манағы жұрттан тауып алған қылдан есіп тұзақ істеді де, оны апарып үйректің ұясына құрды. Мұнан соң Асанды шақырып алып, екеуі бір таса жерге, қалың шөптің арасына барып жатты. Көп ұзамай-ақ үйрек қайта ұшып, жан-жағында адам көрінбеген соң, ұясына келіп қонды. Бітегенеден соң Үсен түрегеліп, жүгіріп ұяға барып еді, үйрек ұша алмай далбырлады да қалды; қараса, үйрек мойнынан тұзаққа ілініп қалған екен.

Үйректі Асан:

– Тірі алып, ойнап баралық, – деді. Үсен айтты:

– Жоқ, әкем: үйрек, қаз адал құстар, мұқтаждықта құдай-тағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырады, бірақ тірілей байлап-матап әуре ету обал деп айтушы еді, әуре етпей бауыздап алалық, – деп, манағы жұрттан тауып алған пышақтың сынығымен бауыздап алды.

Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «Литрес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на Литрес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.